

"Солтүстік Қазақстан облысында есептеу аспаптары жоқ тұтынушылар үшін жылумен жабдықтау бойынша коммуналдық қызметтерді тұтыну нормаларын бекіту туралы" Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2016 жылғы 27 мамырдағы № 186 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2024 жылғы 8 қарашадағы № 371 қаулысы
Солтүстік Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Солтүстік Қазақстан облысында есептеу аспаптары жоқ тұтынушылар үшін жылумен жабдықтау бойынша коммуналдық қызметтерді тұтыну нормаларын бекіту туралы" Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2016 жылғы 27 мамырдағы № 186 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3798 болып тіркелді) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулының қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. "Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте қамтамасыз етсін:

1) осы қаулыға қол қойылған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде қазақ және орыс тіліндегі электрондық түрдегі көшірмесін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне қосу үшін жолдауды;

2) осы қаулыны ресми жариялағаннан кейін Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Солтүстік Қазақстан облысы
әкімінің міндетін атқарушы*

М. Тасмағанбетов

Солтүстік Қазақстан
облысы әкімдігінің
2024 жылғы "8" қарашадағы
№ 371 қаулысына
қосымша
Солтүстік Қазақстан
облысы әкімдігінің

2016 жылғы 27 мамырдағы

№ 186 қаулысына

қосымша

Солтүстік Қазақстан облысында есептеу аспаптары жоқ тұтынушылар үшін жылумен жабдықтау бойынша коммуналдық қызметті тұтыну нормалары

Рет.№	Елді мекеннің атауы	Жылумен жабдықтау ұйымының атауы	Өлшем бірлігі	Жылу энергиясын тұтыну нормасы
1	Айыртау ауданы Саумалкөл ауылы	"Саумалкөл жылу" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Гигакалория айына 1 (бір) шаршы метрге	0,03 (нөл бүтін жүзден үш)
2	Акжар ауданы Талшық ауылы	"Сапро-Нат" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Гигакалория айына 1 (бір) шаршы метрге	0,034 (нөл бүтін мыңнан отыз төрт)
3	Аққайың ауданы Смирнов ауылы	"Сапро-Нат" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Гигакалория айына 1 (бір) шаршы метрге	0,034 (нөл бүтін мыңнан отыз төрт)
4	Есіл ауданы Явленка ауылы	"Есиль Теплоресурс" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Гигакалория айына 1 (бір) шаршы метрге	0,049 (нөл бүтін мыңнан қырық тоғыз)
5	Жамбыл ауданы Благовещенка ауылы Дачная көшесі, 7А үй	"Сапро-Нат" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Гигакалория айына 1 (бір) шаршы метрге	0,027 (нөл бүтін мыңнан жиырма жеті)
6	Жамбыл ауданы Пресновка ауылы	"Дания 2014" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Гигакалория айына 1 (бір) шаршы метрге	0,03 (нөл бүтін жүзден үш)
7	Мағжан Жұмабаев ауданы Булаев мұнай айдайтын станция кенті	"Булаев су" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Гигакалория айына 1 (бір) шаршы метрге	0,046 (нөл бүтін мыңнан қырық алты)
8	Қызылжар ауданы Петерфельд ауылы	"Қызылжар-ЖКХ" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Гигакалория айына 1 (бір) шаршы метрге	0,042 (нөл бүтін мыңнан қырық екі)
9	Мамлют ауданы Мамлютка қаласы	"Алтын Солтүстік" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Гигакалория айына 1 (бір) шаршы метрге	0,034 (нөл бүтін мыңнан отыз төрт)
10	Ғабит Мүсірепов атындағы аудан Нежинка ауылы	"Нежинка-Ерке" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Гигакалория айына 1 (бір) шаршы метрге	0,025 (нөл бүтін мыңнан жиырма бес)

11	Ғабит Мүсірепов атындағы аудан Новоишимское ауылы	"Теплосервис-2030" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Гигакалория айына 1 (бір) шаршы метрге	0,0374 (нөл бүтін он мыңнан үш жүз жетпіс төрт)
12	Ғабит Мүсірепов атындағы аудан Новоишимское ауылы	Жеке кәсіпкер "Ертай-К"	Гигакалория айына 1 (бір) шаршы метрге	0,0374 (нөл бүтін он мыңнан үш жүз жетпіс төрт)
13	Тайынша ауданы Тайынша қаласы	"Тайынша ЖылуСервис" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Гигакалория айына 1 (бір) шаршы метрге	0,043 (нөл бүтін мыңнан қырық үш)
14	Тайынша ауданы Тайынша қаласы	"Тайынша КоммунСервис" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Гигакалория айына 1 (бір) шаршы метрге	0,043 (нөл бүтін мыңнан қырық үш)
15	Уәлиханов ауданы Кішкенекөл ауылы	"Қызылту су арнасы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Гигакалория айына 1 (бір) шаршы метрге	0,024 (нөл бүтін мыңнан жиырма төрт)
16	Шал ақына ауданы Сергеев қаласы	"Сергеевка 2050" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Гигакалория айына 1 (бір) шаршы метрге	0,065 (нөл бүтін мыңнан алпыс бес)